

«Ақпаратты кім басқарады?»

Бүгінде адам күн сайын өте көп ақпарат алады. Телефонды ашсақ – жаңалық, әлеуметтік желі, жарнама, бейне және түрлі пікірлер алдымыздан шығады. Бірақ ақпараттың көп болуы адамның бәрін дұрыс қабылдайтынын білдірмейді.

Бір жаңалықты әр адам әртүрлі түсінуі мүмкін. Кейде жалған ақпарат шынайы жаңалықтан да тез таралады. Сондықтан қазіргі қоғамда ақпаратты тек қабылдайтын емес, оны саралайтын адам болу маңызды.

Меніңше, ақпаратты толық бақылау мүмкін емес. Бірақ адам өзінің қандай ақпаратты оқитынын және оған қаншалықты сенетінін бақылай алады.

Сондықтан медиасауаттылық бүгінгі жастар үшін өте қажет. Ақпарат дәуірінде ең маңызды қабілеттердің бірі – көп білу ғана емес, ненің рас, ненің жалған екенін ажырата білу.